



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### № 029 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 3 желтоқсан

#### Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

**1. Инфляция.** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша 2003 жылдың қарашасында инфляция 1,6% болды. Бұл оның 2000 жылғы ақпаннан бергі ең жоғарғы деңгейі. Инфляцияның көтерілуі негізінен азық-түлік тауарларының 1,9%-ке қымбаттауына байланысты болып отыр. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар және халыққа ақылы қызмет көрсету 1,2%-ке қымбаттады.

Азық-түлік тауарлары құрылымында негізінен жұмыртқа - 11,1%-ке, көкөніс пен жеміс-жидектер - 6,5%-ке, сүт өнімдері - 5,9%-ке, ұн-2,2%-ке, ұн мен мал майы - 2,7%-ке, қант - 2,5%-ке, нан - 2,2%-ке қымбаттады. Өсімдік майы -0,7%-ке, күріш - 0,6%-ке, темекі бұйымдары - 0,1%-ке шамалы төмендеді.

Ағымдағы жылдың шілде айында басталған қымбаттау үрдісі жалғасып, бензиннің бағасы қараша айында 6,2%-ке көбейді. Бұдан басқа, отын (көмір, ағаш) - 5,2%-ке, дизель отыны мен мазут - 3,2%-ке көтерілді.

Халыққа ақылы қызмет көрсетудің қымбаттауы көліктің 4,5%-ке көтерілуіне байланысты болды. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету 0,7%-ке, оның ішінде газбен жабдықтау 2,5%-ке, ыстық су 0,7%-ке, жылу беру 0,6%-ке қымбаттады.

2003 жылдың басынан бері инфляцияның деңгейі 5,8%-ті құрады (2002 жылғы 11 айда - 5,1%), сонымен бірге азық-түлік тауарлары 5,6%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 6,6%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету 5,5%-ке көтерілді.

2003 жылғы қарашада инфляция жылдық көрсетуде 7,3% болды.

**2. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** 2003 жылғы қараша айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен алғанда 2,0%-ке (немесе 94,6 млн.долл.) төмендеп, 4652,5 млн. доллар болды. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қордың активтерін толықтыру мақсатында 156,2 млн. долларға валюта сату таза валюта қорларын (ЕАВ) 120,0 млн. долларға төмендетуге ықпал жасады. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар нәтижесінде және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 3,5%-ке ұлғаюы нәтижесінде 25,4 млн. долларға өсті.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, яғни Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын қосқанда (алдын ала берілген мәліметтер бойынша 3255,7 млн. долл.), қарашада 1,0% -ке өсіп, 7917,3 млн. долл. дейін артты.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі 2003 жылғы қарашада ақша базасының 0,6%-ке азайып, 292,3 млрд. теңгеге дейін жетуіне себеп болды.

2003 жылғы қазанда ақша массасы 0,6%-ке өсіп, 911 млрд. теңгеге жетті (жыл басынан бері 29,6% өсті). Экономиканың басқа секторларына талаптардың өсуі салдарынан банк жүйесіндегі ішкі активтерінің 8,1% ұлғаюы ақша массасы өсуінің негізгі факторы болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) қазан айында 6,4%-ке өсіп, 231,9 млрд. теңге болды, ал ақша массасының құрылымында банк жүйесіндегі депозиттер 1%-ке төмендеп, 759,2 млрд. теңге болды. Депозиттердің төмендеуі барысында қазанда айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуі ақша массасы құрылымында соңғылар үлесінің 77,9%-тен 76,6%-ке дейін азаюына себеп болды. Алайда, осы айда байқалған Ұлттық Банктегі банктер депозиттерінің төмендеуі ақша мультипликаторы мәнінің 3,34-ден 3,37-ге дейін көбеюіне ықпал жасады.

### **3. Қаржы рыногы.**

**Валюта рыногы.** 2003 жылғы қараша айы ішінде теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 146,15-147,96 теңге шегінде өзгеріп отырды. Бір айда теңге 0,77%-ке нығайды және ай соңында оның биржалық бағамы бір доллар үшін 146,63 теңге болды. Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 5,92%-ті құрады.

Қараша айында биржалық операциялардың қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса алғандағы көлемі қазан айымен салыстырғанда 37,9%-ке азайып, 404,2 млрд. долларға дейін төмендеді, яғни 2002 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5,3%-ке өсті. Жыл басынан бері биржалық операциялардың көлемі 5,3 млрд. доллар болды.

Алдын ала деректер бойынша биржадан тыс валюта рыногындағы операциялардың көлемі қазан айының көрсеткіштерімен салыстырғанда 15,8%-ке азайып, 595,9 млн.доларды құрады, ал 2002 жылдың қараша айымен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайды. Банкаралық валюта рыногындағы операциялардың көлемі жыл басынан бері алдын ала деректер бойынша 6,0 млрд. доллар болды.

**Бағалы қағаздар рыногы.** 2003 жылғы қараша айында Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі 2003 жылғы қазанмен салыстырғанда 2,5 есеге төмендеп, 15,3 млрд. теңге болды, сонымен бірге айналыстағы бағалы қағаздар көлемі 7,5%-ке өсіп, 176,9 млрд. теңгеге жетті. Ағымдағы жылдың қараша айында тек орташа мерзімді 5, 7, 9 және 10 жылдық МЕОКАМ бойынша аукцион өткізілді. 5, 9, және 10 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік тиісінше 6,19%-тен (28.10.03ж.) 6,18%-ке дейін, 6,49%-тен (13.10.03ж.) 6,40%-ке және 6,58%-тен (17..09.03ж.) 6,50%-ке төмендеді. 7 жылдық МЕОКАМ бойынша кірістілік 6,19% деңгейінде қалды.

Қаржы министрлігінің сыйақы төлеуді қоса алғанда мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеуі 2003 жылғы қарашада 4,6 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі олар бойынша кірістіліктің 5,13%-тен 5,05%-ке дейін төмендеуі кезінде қарашада қазанмен салыстырғанда 56,3%-ке өсіп, 30,3 млрд. теңгеге жетті. Ұлттық Банктің ноттарды өтеу көлемі қараша айында 35,8 млрд. теңгені құрады. Осы операциялар нәтижесінде қараша айының соңында айналыстағы ноттар көлемі өткен аймен салыстырғанда 1,3%-ке төмендеп, 177,3 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі 82%-ке өсіп, 54,9 млрд. теңгеге жетті. Кері репо операциялары жүргізілген жоқ.

**Депозиттік рынок.** Резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі қазанда 1,0%-ке төмендеп (жыл басынан бері – 25,8%), 759,2 млрд. теңге (5,1 млрд. долл.) болды. Осы төмендеу заңды тұлғалар депозиттерінің қазан айында 4,3%-ке төмендеп, 439,3 млрд.

теңгеге жетуі есебінен болды.

Қазанда ұлттық валютадағы депозиттер 1,9%-ке өсіп, 391,7 млрд. теңгеге жетті, ал шетел валютасындағы депозиттер 3,9%-ке төмендеп, 367,5 млрд. теңге болды.

Қазанда халық салымдарының өсу үрдісі жалғасты (резидент еместерді қоса алғанда). Олардың көлемі бір айда 3,9%-ке өсіп, 327,6 млрд. теңгеге жетті (2,2 млрд. долларынан астам) өсті. Халық салымдарының құрылымында теңгелік депозиттердің өсуі бір айда 5,5%-ке, ал шетел валютасындағы депозиттер 3,0%-ке өсті. Нәтижесінде теңгелік депозиттердің үлес салмағы 34,3%-тен 34,8%-ке дейін көбейді.

Қазанда депозиттер бойынша кірістілік деңгейі 2003 жылғы қазан айымен салыстырғанда төмендеу үрдісіне ие болды. Банктік емес заңды тұлғалардың теңгелік мерзімді депозиттері бойынша орташа алғандағы сыйақы ставкасы 3,7%-тен 2,8%-ке дейін, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 10,5%-тен 10,0%-ке дейін төмендеді.

**Кредиттік рынок.** Банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2003 жылғы қазанда 5,1%-ке (жыл басынан бастап - 37,5%-ке) көбейіп, 924,3 млрд. теңге (6,25 млрд. доллар) болды.

Ұлттық валютадағы кредиттердің өсуі шетел валютасындағы кредиттермен салыстырғанда басым сипатта болды. Ұлттық валютадағы кредиттер 9,6%-ке ұлғайып, 417,1 млрд. теңге болды, ал шетел валютасындағы кредиттер - 1,7%-ке ұлғайып, 507,2 млрд. теңге (3,4 млрд. доллар) болды. Нәтижесінде теңгелік кредиттердің үлес салмағы қыркүйек айымен салыстырғанда 43,3%-тен 45,1%-ке дейін өсті.

Ұзақ мерзімді кредиттер 4,7%-ке ұлғайып, 575,0 млрд. теңге болды, қысқа мерзімді кредиттер - 5,8%-ке өсіп, 349,3 млрд. теңге болды. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 62,2%-ті құрады.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері бір айда 4,4%-ке өсіп, 210,6 млрд. теңгеге дейін өсті немесе экономикаға барлық кредиттердің 22,8%-і болды.

Банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қыркүйекпен салыстырғанда 15,5%-тен 15,1%-ке дейін төмендеді, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша ол 22,1%-тен 19,8%-ке азайды.

**Банк секторы.** Банк секторындағы жағдай өткен айдағы сияқты тұрақты болып қалып отыр. 2003 жылғы 1 қарашасындағы жағдай бойынша 36 банк, оның ішінде мемлекеттік – 3, шетелдік қатысуымен (Қазақстан Республикасының резидент емес банктердің еншілес банктерін қосқанда) – 16 банк қызмет істеді.

2003 жылдың қазанында жиынтық меншік капитал 7,3 %-ке өсіп, 220,3 млрд. теңгеге (1,49 млрд.долл.) дейін өсті, банктердің жиынтық активтері 1,7%-ке өсіп, 1,58 трлн. теңгеге (10,72 млрд. долл.) дейін көбейді.

2003 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 67,9%, күмәндылары – 30,1% , үмітсіздері – 2,0% болды.